

А**И****Қ****Ы****Н**

Алматы – ислам мәдениетінің астанасы



Алматыдағы Ұлттық кітапхананың Көрмелер залында «Алматы – ислам мәдениетінің астанасы – 2015» бағдарламасы аясында Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорынан ислам әлеміндегі ұлы ғалымдар еңбек-терінің кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымына 1995 жылы мүшелікке енген болатын. Ондағы мақсат – ислам әлеміндегі саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық үдерістерге белсенді араласу.

Ал 2009 жылы Баку қаласында өткен VI ислам мәдениет министрлерінің басқосу жиынында Азия аймағының 2015 жылғы ислам мәдениетінің астанасы болып бірауыздан Алматы қаласы белгіленген. Осыған орай: «Ислам мәдениетінің астанасы құрметті атағы тарихи сабақтастықты айшықтап, Алматы қаласына ислам мәдениетін дамытуға тың серпіліс береді» деген Мемлекет басшысының сөзі жадымызда.

«Нұр Отан» партиясының қолдауы-мен Алматыда өткен жоғарыдағы іс-шараның бастауы биылғы жылы 24 ақпанда халықаралық конференциямен ашылған болатын. Содан бері осы тақырыпта қаламызда бірқатар іс-шаралар өтті. Соның бірі – Ұлттық кітапханадағы тарихи-мәдени және танымдық маңызы өте зор көрме. Бұрын ғалымдардың тек шағын тобына ғана қолжетімді болып келген баға жетпес жазба мұралармен танысуға мүмкіндік берген көрмені аралай жүріп, Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының басшысы Айхан Бекболатованы сөзге тарттық.

– Ұлттық кітапханадағы Құранның ең көне нұсқасы – XII ғасырдағы куфа жазуымен жазылған Құранның толық нұсқасы. Оның ішкі бетінде «заманында Селжүк сұлтанының қарындасының иелігінде болған» деген жазу бар. Қожа Ахмет кесенесінде сақталған. Мұқабасы қызыл түсті бұзау терісімен қапталған. Салмағы 10 келіге жуық. Ұзындығы жарты метрден асады. Көлденеңі – 35 см. Мың беттен асады. Қалыңдығы – 11,5 см. 1936

жылы Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи кесенесіндегі қолжазбалардың бәрін атарба, есекарбамен Ташкентке әкетіп жатыр деген хабар Алматыға жетеді. Осыдан кейін ғалымдар Түркістанға экспедицияға аттанады. Сол 1936 жылы Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорын бөлек бөлім етіп ашамыз деген шешім қабылданып, сол қорда жұмыс істеген атақты библиограф Нығмет Сәбитов пен қоғам қайраткері, ағартушы Қоңырқожа Қожықовтың ұл-кен ұлы екеуі 1936 жылы бүгінгі Ұлттық кітапханаға осы Құранды табыстайды. Жалпы, бізде Құранның 45 коллекциясы бар. Оның ішінде толық нұсқалары да, жартылай нұсқалары да бар. Адамдар өздеріне етене жақын, жаттауға оңай қысқа сүрелерді кітап етіп жаздыртып алған. Мынау сондай «Ясин» сүресінің толық нұсқасы, куфа жазуымен жазылған. Ал мынау күмістен жасалған қобдишасы бар, бойтұмарға арналған сіріңкенің қорабынан да кішкентай Құранға 114 сүренің бәрі сыйып тұр. Қай замандағы болсын жазу шеберлігінің шыңы. Өзінің арнайы лупасымен ғана оқи аласың. Бұларды кітапханаға кімдер тапсырғаны белгісіз, – деп түсіндірді бізге Айхан Бекболатова.

Көрмеге қойылған сирек кітаптардың бірі – парсының ұлы ақыны Әбілқасым Фирдоусидің атақты «Шахнамасы». Ақын отыз жылдан астам ғұмырын арнағын ұлы шығарма. Елу патшаның өмірін қамтыған. Фирдоусидің өзі: «Мен жырыммен биік сарай салдырдым, Жел, жаңбыр оған өтпестей. Өлсем де тірі болармын, Жыр жазып, кітап қалдырдым, Өмірде өшіп кетпестей» деп болашағын болжап кеткен кітабы он ғасырдан астам уақыт өтсе де адамзаттың игілігіне қызмет етуде. Ұлттық кітапханадағы «Шахнаманың» нұсқасы жыр түрінде емес, қара сөзбен жазылыпты. 1721-1723 жылдары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» заманында хатқа түскен екен. Парсы тілінен таза көне түркі тіліне аударылған. Бұл – салмағы 6,5 келі тартатын, ұзындығы жарты метр, қалыңдығы 9 см болатын қолжазба кітапты 1921 жылы «Байұлы» деген кісі кітапханаға тапсырыпты. Фирдоусидің бұл ұлы шығармасын қазақ тіліне ақын Тұрмағанбет Ізтілеуұлы өлеңдетіп еркін аударғанын білеміз. Ал мынау Ұлттық кітапханадағы «Шахнаманың» ерекшелігі – қара сөзбен жазылғанында.

Шығыс шайыры Әлішер Науайының шағатай тіліндегі «Диуани хикметі» де көз тойдырады. 1649 жылы жазылған екен. Содан бері түрі, түсі де, бояуы да өзгермеген кітап еріксіз таңғалдырады. Бұл кітап транскрипцияға жазылып, баспаға дайын тұр екен. Құл-Қожа Ахметтің шәкірті Сүлеймен Бақырғанидың XIV ғасырда хатқа түскен шағатай тіліндегі «Хикметтер» қолжазбасы да тұр. Ұлы бабамыз Қожа Ахмет Йассауидің өз қолжазбалары да ұлттық кітапханада бар екен, бірақ көре алмадық. «Әлем жады» деген ЮНЕСКО-ның бағдарламасына енген бұл қолжазбалар Астанадағы академиялық кітапханаға алты айға уақытша қоюға алып кетіліпті.

Әзірбайжанның ұлы ақыны Низамидің парсы тіліндегі «Хамсасы» да тұр бір бұрышта. Қыпшақтың Аппақ деген аруына ғашық болып, Лаураны жырлаған Петрарка сынды өмір бойы Аппақ апамызды жырлап өткен ақынның мұрасы. Сондай-ақ Сағди, Хафиз, Жәми, Физулилердің ислам діні бойынша және поэтикалық жанрадағы шағатай, парсы тіліндегі қолжазбалары да орын алыпты.

Ал мынау араб тіліндегі қолжазбаларға әлі ешкімнің тісі батпай жүрген көрінеді. Қысқасы, зерттеушілерін күтіп тұр. Бізді тағы бір таңғалдырғаны – корей халқының 17 ғасырдағы кітап болып түптелген қолжазбалары. Бұл қолжазбалардың өзіндік тарихы бар екен. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында Владивостоктан корей халқын көшіргенде, олардың 97 мыңы Қызылордаға қарай өтіпті. Оның ішіндегі бір университет мұғалімі жолда қаншама қиындық көргеніне қарамастан, осы кітаптарды бері қарай аман алып өтіпті. Қызылордаға жеткен соң «корейше кітаптарды өртендер, жойындар» деген жоғарыдан нұсқау түседі. Сол кезде тепловозда жұмыс істейтін Кемелбай деген қазақ «өртеуге алдым» деп әлгі кітаптарды жасырын тығып тастап, Алматыға Ұлттық кітапханаға жеткізген екен. 17 ғасырдағы корейлердің жүз қырық томдық энциклопедиясының елу томы осы Ұлттық кітапханада сақтаулы. Бұл еңбек әлем бойынша үш жерде ғана сақтаулы екен. Соның бірі – Алматы. Оны 2005 жылы Алматыға Оңтүстік

Кореядан келген ғалымдар айтыпты. Айтуларында, Оңтүстік Кореяда бұл қолжазбалар атымен жоқ екен. Корейлер көшірмесін сұрағанмен, біздегілер бермеді. Оның себебі, ксерокөшірме жасаған жағдайда көне қолжазбаның қағазы бірден отыз бес жылға тозатын көрінеді. Сондықтан бұл құндылықтардың иесі Қазақстан болғандықтан, корейлер тарихи қолжазбаны осында келіп қана зерттей алады. Бұл қолжазбалар ескі қытай жазуымен жазылған. Заманында Еуропада латын тілі мен әріптері қандай маңызды рөл атқарса, көне қытай жазуы да Корея мен Жапонияда, Лаос пен Вьетнамда, Кампучия мен Қытайда соншалықты маңызға ие болған.

«Нұр Отан» партиясы Алматы қала-лық филиалының жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесінің өкілдері, Алматы қаласы мешіттерінің бас имамдары мен дінтанушы-ғалымдар, журналистер, жоғары оқу орнының студенттері, кітапханашылар қатысқан кітап көрмесінде көпшілік алдында сөз алған «Нұр Отан» партиясы Алматы қалалық филиалының баспасөз хатшысы Қайым-Мұнар Табеев: «Ислам мәдениетінің астанасы болып отырған Алматы ислам көкжиегінің одан әрі көркеюіне, қала мәдениетінің дамуына жаңа екпін беруге, осы арқылы шын мәніндегі аймақтық және әлемдік деңгейде ірі мәдениет орталығына айналатындығына сенімдіміз» деп көрме жұмысына сәттілік тіледі. Филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақ: «Әлемді жаһандану жайлап келеді. Әсіресе, ислам әлемінде қайғылы жағдайлар болуда. Осындай алмағайып кезеңде адамзат қоғамында дін мәселесі өткір қойылып отыр. Ислам мәдениетіне аяусыз шабуыл жасалуда. Ирак пен Сирияда мәдениеттің ұлы ескерткіштерін жаппай қиратуда. Сондықтан Мәңгілік ел боламыз десек, тіліміз бен дінімізге, ділімізге берік болуымыз керек» деген ойын білдірді. «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай: «Білім де, адалдық та, дүниедегі үйлесімнің бәрі де исламда. Бүгінгі іс-шарадай имандылыққа негізделген, адамды ұйытатын шараны ары қарай тереңдетіп, жалғастыра беру керек, оған жастарды көп қатыстыру керек. Дін мен дәстүрді шебер байланыстырып, жұрттың санасына сіңіре беру қажет. Дәстүрі жоғалған ұлт жоғалады. Орыста «художественная нация» деген ұғым бар. Яғни тыраш ұлт, жасанды ұлт деген сөз. Бізді сондай ұлт болып қалудан сақтасын» деген ойын айтты. Сондай-ақ «Төле би» мешітінің бас имамы Кенжәлі қажы ой қозғап, ақын Маралтай Райымбек имандылық жайында өлеңін оқыды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезінде «Ислам діні – халқымыздың рухани тіректерінің бірі» деген-ді. Ендеше, қазақстандықтардың ынтымағын, рухани бірлігін арттыруда ислам мәдениетінің астанасы атанған Алматының орны алабөтен екені анық. Қаламызда ислам мәдениеті дами берсін деп тілейік.

Төреғали Тәшенов